Әділет

# Бұланды ауданында 2010 жылда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

## *Күшін жойған*

Ақмола облысы Бұланды ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 19 қаңтардағы № А-01/10 қаулысы. Ақмола облысы Бұланды ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 ақпанда № 1-7-106 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № А-12/494 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімінің 2010.12.20 № А-12/494* қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелерінің 7, 8 тармақтарына сәйкес, Бұланды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бұланды ауданының ұйымдарында 2010 жылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. Бұланды ауданы бойынша қоса берілген ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, жағдайлары, қатысушылардың еңбекақыларының мөлшері және қаржыландыру көзі бекітілсін.

3. Бұланды ауданы әкімдігінің «Бұланды ауданы бойынша 2009 жылда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» 2009 жылғы 20 қаңтардағы № а-01/06 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-7-73 тіркелген, 2009 жылғы 13 ақпандағы «Бұланды таңы», «Вести Бұланды жаршысы» газеттерінде жарияланған), Бұланды ауданы әкімдігінің «2009 жылда Бұланды ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Бұланды ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № а-01/06 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2009 жылғы 15 мамырдағы № а-05/110 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-7-82 тіркелген, 2009 жылғы 22 мамырдағы «Бұланды таңы», «Вести Бұланды жаршысы» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О.Қ.Смағұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы Бұланды ауданының әділет басқармасында мемлекеттік

тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бұланды ауданының әкімі Е.Нұғыманов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*Бұланды ауданы әкімдігі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Макинск-Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының директоры В.Мухин*

*Бұланды ауданы әкімдігі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Макинск-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының директоры С.Гранкин*

Бұланды ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 қаңтардағы № А-01/10 қаулысымен бекітілген

**Бұланды ауданы бойынша 2010 жылда жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың тізбесі**

| № р/с | Ұйымдар атауы | Қоғамдық жұмыстар түрлері | Істелетін жұмыстар көлемі (шаршы метр) |
|---|---|---|---|
| 1 | «Айнакөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру және көркейту | 12000 |
| 2 | «Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру және көркейту | 13000 |
| 3 | «Вознесенка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру және көркейту | 30000 |
| 4 | «Даниловка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру және көркейту | 23000 |
| 5 | «Журавлевка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру және көркейту | 30000 |
| | | Әлеуметтік көмекке қатысу | |
| 6 | «Ерголка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру және көркейту | 20000 |
| 7 | «Капитоновка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру және көркейту | 21000 |
| 8 | | | 23000 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «Карамышевка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру және көркейту | |
| 9 | «Қараөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру және көркейту | 48000 |
| | | Әлеуметтік көмекке қатысу | |
| 10 | «Никольск селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру және көркейту | 33000 |
| 11 | «Новобратск селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру және көркейту | 12000 |
| 12 | «Макинск қаласы әкімінің аппараты » мемлекеттік мекемесі | Ұйымдардағы курьерлік жұмыстар, көпшілік-мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге көмектесу, аумақты тазарту | 11000 |
| 13 | Бұланды ауданы әкімдігі жанындағы «Макинск-Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны | Аумақты тазарту | 22000 |
| 14 | Бұланды ауданы әкімдігі жанындағы «Макинск-Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны | Аумақты тазарту, көгалдандыру және көркейту | 148000 |

кестенің жалғасы

| Қоғамдық жұмыстардың шарттары | Қатысушылардың еңбекақы мөлшері | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең төменгі жалақыдан кем емес | Жергілікті бюджет |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК